

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1812. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.12.27. N 1653 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының санын оны ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1442 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі орталық аппаратының құрылымы 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне министрдің 6 орынбасарын, соның ішінде екі бірінші орынбасар және саны 13 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.09.13.

N 1117 қаулысымен.

3. 2 қосымшаға сәйкес 27 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жаңындағы Қазынашылық қызметкерлерінің жалпы саны (есептеу-кассалық орталықтармен бірге) 4600 адам, соның ішінде орталық аппаратта - 130 болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жаңындағы Қазынашылықта бастықтың үш орынбасары, соның ішінде бір бірінші орынбасар ұстауға рұқсат етілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министріне:

Қазынашылықтың, Қаржы-валюталық бақылау комитетінің және Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеттің құрылымы мен штат кестесін оларға белгіленген адам саны шегінде бекіту;

бағынысындағы жергілікті атқарушы органдарға адам саны мен олардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорын олар үшін бекітілген көрсеткіштер шегінде белгілеу құқығы берілсін.

7. Алдағы уақытта орталық және жергілікті атқарушы органдардың еңбегіне ақы төлеудің жаңа шарттары бекітілгеннен дейін, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жаңындағы Қазынашылықтың, Қаржы-валюталық бақылау комитетінің, Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеттің қызметкерлері, сондай-ақ есептеу-кассалық орталықтардың Қазынашылыққа ауысқан қызметкерлері үшін оларға еңбекақы төлеудің бұдан бұрын белгіленген

шарттары сақталатын болсын.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзімде Министрлік, Бас салық инспекциясы, қазынашылық, Қаржы-валюталық бақылау комитеті және шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет туралы ережелердің жобаларын әзірлең, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынатын болсын.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Әділет

министрлігімен келісім бойынша екі ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұдан бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

19 желтоқсандағы

N 1812 қаулысына

1 қосымша

Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі

орталық аппаратының

Кұрылымы

Басшылық

Бас салық инспекциясы

Мемлекеттік бюджет департаменті

Бухгалтерлік есеп пен есептеме әдістемесі, оны үйымдастыру және бақылау департаменті

Материалдық өндіріс салалары департаменті

Әлеуметтік сала департаменті

Аппараттың жұмысын үйымдастыру және жүйені

материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі департамент

Агроенеркәсіп кешені және табиғат қорғау басқармасы

Кірістерді болжамдау басқармасы

Валюталық операциялар және сыртқы борыштар мониторингі басқармасы

Мемлекетаралық қатынастар басқармасы

Корғаныс кешені және құқық қорғау органдары басқармасы
Мемлекеттік аппарат басқармасы
Кадрлар және оқу орындары басқармасы
Заң қызметі департаменті

<*>

Баспасөз қызметі

Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі жанындағы
орталық атқарушы органдар
Қазынашылық
Қаржы-валюталық бақылау комитеті
Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет
Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.03.14.
N 313 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1812 қаулысына
2 қосымша

Қызмет бабында пайдаланатын жеңіл автомобильдер

санының
Лимиті
Саны

соның ішінде:

Министрліктің орталық аппараты үшін	17
Қаржы-валюталық бақылау комитетінің орталық аппараты үшін	4
Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеттің орталық аппараты үшін	3
Қазынашылық орталық аппараты үшін	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК